

Ғылыми жетекшінің пікірі

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Есен Таншолпан Набидоллақызы

(білім алушының Т.А.Ә.)

5B0080500 – Су ресурстары және суды қолдану

(мамандық атауы мен шифрі)

Тақырыбы: Қостанай қаласы табиғи су тазарту ғимараттарын қайта құру.

Есен Таншолпанның дипломдық жобасы Қостанай қаласының табиғи суларын тазарту бекетіндегі ғимараттарды қайта құру шараларына арналған. Дипломдық жоба қажетті түсініктеме қағазынан және сызбадан, жалпы талаптарға сәйкес бөлімдерден тұрады.

Дипломдық жобаны орындау барысында Қостанай қаласы табиғи суды тазартуға арналған тазарту бекетінде орналасқан ғимараттардың қазіргі жұмыс тиімділігі қарстырылып, олардың кемшіліктері анықталып ғимаратын қайта жобалау керек екендігі нақтыланған. Осының нәтижесінде Қостанай қаласы орналасқан ауданның табиғи климаттық жағдайлары қарастырылған. Сонымен қатар Қостанай қаласын таза сумен қамтамасыз ету үшін өзіндік жұқа қабатты тұндырғыш және сүзгі ғимараттары қарастырылып, оның есептік көрсеткіштері анықталынып, сызбада сұлбасы берілген. Сонымен қатар, пайдалану кезеңінде ескерілетін жағдайларға тоқталынып өтілген.

Жоба алдындағы талдау (экономика) бөлімінде жобаланған ғимараттарды қолдану нәтижесінде технологиялық ғимараттар тізбегінің экономикалық есептер берілген және жобалау құрылысының құны анықталған, пайдалану шығындары есептелінген, негізгі техника-экономикалық көрсеткіштері анықталған.

Дипломдық жобаны жасау барысында дипломшы өзінің теориялық білімінің жоғары екенін, қажетті нормативтік құжаттармен жұмыс істей алатынын және AutoCad графикалық бағдарламаны жақсы меңгергенін көрсетті.

Сонымен, Есен Таншолпан Набидоллақызының дипломдық жобасы «Су ресурстары және суды қолдану» мамандығы бойынша дипломдық жобаларға қойылатын талаптарға жауап бере алады және дипломшы осы мамандық бойынша бакалавр атағына лайық, дипломдық жобаны 95 % –ға бағалаймын.

Ғылыми жетекші

техн.ғылым.канд., профессор

(қызметі, ғыл. дәрежесі, атағы)

Оспанов Қ.Т.

(қолы)

« 14 » 05 20 19 ж.

Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Есен Таңшолпан Набидоллақызы

Название: Қостанай қаласы табиғи су тазарту ғимараттарын қайта құру.docx

Координатор: Кайрат Оспанов

Коэффициент подобия 1: 0,3

Коэффициент подобия 2: 0

Тревога: 13

После анализа Отчета подобия констатирую следующее:

- ☒ обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование:

.....

.....

.....

.....

.....

14.05, 2019 г.

Дата

.....

Подпись Научного руководителя

заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения

Автор: Есен Таңшолпан Набидоллақызы

Координатор: Кайрат Оспанов

Коэффициент подобия 2:0

Тревога:13

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

140540192.

Data


Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

Допущено к защите

14.05.2019г.



Дата

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К. Басенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Есен Таңшолпан Набидоллақызы

Қостанай қаласы табиғи су тазарту ғимараттарын қайта құру

Дипломдық жоба
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5В080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К. Басенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Инженерлік жүйелер және желілер
кафедрасы меңгерушісі

техн.ғылым канд., ассоц проф.

Алимова К.К.

« 14 » 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: Қостанай қаласы табиғи су тазарту ғимараттарын қайта құру

Мамандығы 5B080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

Орындаған

Есен Т.Н.

Ғылыми жетекші

техн.ғылым.канд., профессор

Қ.Т.Оспанов

« 14 » 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К. Басенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты


Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5В080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

БЕКІТЕМІН

Инженерлік жүйелер және желілер
кафедрасы меңгерушісі

техн. ғылым канд., ассоц проф.

 Алимова К.К.

« _____ » _____ 2019 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы *Есен Таңшолпан Набидоллақызы*

Жобаның тақырыбы *«Қостанай қаласы табиғи су тазарту ғимараттарын қайта құру жобасы»*

Университет Ректорының 2018 жылғы «30» қазан, № 1210-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2019 жылғы « 30 » сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: *дипломға дейінгі өндірістік практикадан жиналған материалдар фондылық мәліметтерден алынды.*

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) Негізгі (технологиялық) бөлім*
- б) Су шаруашылығы жүйелерін пайдалану бөлімі*
- в) Жоба алдындағы талдау (экономика) бөлімі*

Сызба материалдар тізімі:

- 1. Суды тазарту бекетінің бас жоспары*
- 2. Суды тазарту ғимараттарының технологиялық схемасы*
- 3. Қайта құру элементерінің жоспары, қиамсы*
- 4. Қайта құру элементерінің жоспары, қиамсы*
- 5. Қайта құру элементерінің жоспары, қиамсы*
- 6. Техника-экономикалық көрсеткіштер*

Сызба материалдарының _____ слайдта көрсетіледі.

Ұсынылған негізгі әдебиет: 16 атаудан тұрады

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Негізгі (технологиялық) бөлім	12.02.19ж.- 30.03.19ж.	
Су шаруашылығы жүйелерін пайдалану бөлімі	01.04.19ж.- 16.04.19ж.	
Жоба алдындағы талдау (экономика) бөлімі	16.04.19ж. - 30.04.19ж.	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының
аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі (технологиялық) бөлім	Қ.Т.Оспанов техн.ғылым.канд., проф.	22.02	
Су шаруашылығы жүйелерін пайдалану бөлімі	Қ.Т.Оспанов техн.ғылым.канд., проф.	28.03	
Жоба алдындағы талдау (экономика) бөлімі	Қ.Т.Оспанов техн.ғылым.канд., проф.	30.04	
Нормалық бақылаушы	Э.М.Көлдеева PhD докторы, лектор	10.05	

Жобаның жетекшісі, техн.ғылым.канд., проф.  Қ.Т.Оспанов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Т.Н.Есен

Күні « 12 » ақпан 2019 ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жобада Қостанай қаласы табиғи су тазарту ғимаратын қайта құру жобасы әзірленді.

Жобаның мақсаты су тазарту ғимаратының өнімділігін арттыру, ғимараттардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, әрбір құрылыс элементтерінің пайдалану сенімділігін арттыру.

Жобаның ерекшелігі – су тазарту ғимараттарын қайта құрудың заманауи әдістерінің: жұқа қабатты модульді тұндырғыштардың, сүзгінің жаңа жүктеуінің қолданылуы.

Табиғи тұнбаларды сақтау, өңдеу, оны кәдеге жарату жұмыстары қарастырылған.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте разработана реконструкция очистных сооружений природных вод города Костанай.

Целью проекта является повышение производительности водоочистного сооружения, обеспечение стабильной работы зданий, повышение эксплуатационной надежности каждого строительного элемента.

Особенностью проекта является применение современных методов реконструкции водоочистных сооружений: тонкостенных модульных отстойников, новых загрузок для эффективной фильтрации.

Предусмотрены работы по хранению, переработке и утилизации природных осадков.

ANNOTATION

This thesis project about reconstruction of the wastewater treatment facilities of the natural waters in the city of Kostanay.

The aim of the project is to improve the performance of the water treatment plant and ensure the stable operation of buildings, increase the operational reliability of each building element.

A feature of the project is the use of modern methods for the reconstruction of water treatment plants: thin-walled modular sumps, new downloads for effective filtration.

Provided for the storage, processing and disposal of natural sediments.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Негізгі (технологиялық) бөлім	8
1.1	Жобалау ауданының табиғи-климаттық сипаттамасы	8
1.2	Қостанай қаласы табиғи су тазарту ғимараттарының қазіргі жағдайы	8
1.2.1	Құрылыс ауданы туралы жалпы мәліметтер	8
1.2.2	Жобалау міндеттері	11
1.3	Қостанай қаласы табиғи суды тазарту ғимаратын қайта құру	11
1.3.1	Көлденең тұндырғыштарды қайта құру	11
1.3.2	Көлденең тұндырғыштағы тұнбаларды сақтауға резервуарды таңдау. Тұнбаны өңдеу үшін пресс-сүзгісін таңдау	15
1.3.3	Табиғи су тұнбаларын резервуардан пресс-сүзгіге айдайтын сорап таңдау	17
1.3.4	Табиғи су тұнбаларын кәдеге жарату	18
1.3.5	Жедел сүзгілердегі жүктеуді ауыстыру. Сорбциялық сүзгі есебі.	18
2	Су шаруашылығы жүйелерін пайдалану бөлімі	22
2.1	Гидрогединамикалық тәсіл арқылы жерасты суының пайдаланулық қорын бағалау	22
3	Жоба алдындағы талдау (экономика) бөлімі	25
3.1	Құрылыстың сметалық құны	25
3.2	Жылдық пайдалану шығындарын анықтау	27
	Қорытынды	32
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	33
	А қосымшасы	34
	Б қосымшасы	35
	В қосымшасы	36
	Г қосымшасы	37
	Д қосымшасы	38
	Е қосымшасы	39

КІРІСПЕ

Қазақстанда ауыз сумен қамтамасыз ету жүйесінің жағдайы ауыр мәселе болып табылады, оның күнделікті өмірлік қажеттілігі, халықтың денсаулық жағдайы және жалпы елді мекендерді дамыту мәселесі. Тіпті ауыз сумен жабдықтау жүйелерімен сенімді қамтамасыз етілен ірі қалаларда да ұзақ жылдар ішінде жер асты сулары қорының сарқылуына, жер үсті суларының ластануына, су құбырларының тозуына және басқа да көптеген проблемаларға байланысты осы жүйелерді пайдалану дағдарысы келеді. Сол дағдарыс қамтып отырған қалалардың бірі Қостанай қаласы.

Қостанай қаласы – Тобыл өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан ірі өндірістік және мәдениет орталығы болып табылатын облыс орталығы.

Қостанай қаласы және қала маңын қоса алғандағы халқының жыл сайынғы өсуіне, сондай-ақ кеңес үкіметі кезеңінде толығымен жойылып кете жаздаған өнеркәсіптің дамуына байланыста, халықты ауыз сумен қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды. Мәселен 2000-шы жылдардың басынан бастап өзекті болып табылады, ол кезде жалпы өнімділіктің 25 пайызын қамтамасыз еткен тазарту ғимараттарының бір бөлігі жұмыстан шығарылды.

12.04.2018ж. жер үсті суының лайлылығының мөлшері ПДК СП№209 16.03.2015ж. талабы бойынша едәуір үлкен көрсеткіштерге лайық. Соның алдын алу мақсатында Қостанай жерасты су кен орнынан келетін қосымша су көзін пайдалану ұсынылды. Бірақ жерасты суының құрамынан марганец, темірдің шамадан тыс мөлшері байқалды. Сондықтан Қостанай жерасты суын темір, марганецтің тазарту сұлбасын ұсынамын.

Дипломдық жұмыстың мақсаты су тазарту ғимаратын қайта құру бойынша жобаны әзірлеу болып табылады, ол өз кезегінде құрылыстың өнімділігін арттыруға алып келеді. Қайта құру кезінде объектілердің пайдаланылмайтын әлеуетті өндірістік мүмкіндіктері іске асырылады және неғұрлым қатаң жағдайларда қалыпты жұмыс істеуге қабілетсіз шектеуші элементтерді ғана ауыстыруға талап етіледі.

Қайта құру ерекшелігі, орын алған жағдайды есепке ала отырып жүргізілуі тиіс: өндірістік алаңдардың, объектілердің орналасуы, олардың көлемдері мен техникалық жай-күйі. Қайта құру – күшейтудің ең тиімді тәсілі, өйткені ол жаңа құрылысқа қарағанда аз жұмыс көлемін талап етеді.

Жобаның ерекшелігі – тазарту ғимараттарын қайта құрудың заманауи әдістерін қолдану, мысалы жұқа қабатты модулдер, сүзгілердің жаңа тиімді жүктемесі, тұнбаны құнарлы топырақ дайындауға пайдалану.

1 Негізгі (технологиялық) бөлім

1.1 Жобалау ауданының табиғи-климаттық сипаттамасы

Қостанай облысы Қазақстанның солтүстігінде орналасқан. Оның ауданы 196 000 км² асады. Солтүстік және солтүстік-батысында Қостанай облысы Ресей Федерациясымен (Қорған, Челябин және Орынбор облыстары), батысында және оңтүстік-батысында – Ақтөбе, шығысында – Солтүстік Қазақстан, Ақмола, оңтүстік-шығысында – Қазақстанның Қарағанды облыстарымен шектеседі.

Қаланың климаты күрт континентальды, үлкен температураның ауытқуымен, ауаның құрғақтығымен, жауын-шашынның аз мөлшерімен, көптеген ашық күндер мен күшті желімен сипатталады. Орта жылдық жауын-шашын мөлшері көпжылдық деректер бойынша 336 мм-ге тең, жыл ішіндегі булану 648 мм құрайды. Ең жоғары орташа айлық температура шілде-тамыз айларында 25,4...27,1°C, абсолюттік максималды температура 41°C құрайды. Ең төменгі орташа айлық ауа температурасы қаңтар айына келеді минус 18,9°C, абсолюттік минимум температурасы минус 47,8°C.

Өзен желісі тек облыстың солтүстік және оңтүстік бөліктерінде жақсы дамыған. Солтүстігінде ол Тобыл жүйесіне тиесілі дала өзендерінен тұрады және оңтүстігінде Торғай бассейнінің өзендері құрылған. Облыс шегінде ұзындығы 10 км астам 300 өзен бар.

Қостанай облысында 5000-нан астам көл бар, олардың жалпы беті аумақтың шамамен 3 пайызын құрайды. Қостанай көлдері әртүрлі минералданады, тұтастай алғанда оңтүстікте тұзды және ащы-тұзды көлдер көп, ал солтүстікте – тұщы және аз минералданған.

Қостанай облысы бойынша барлығы 20.09.14 ж. барланған және бекітілген қорлардың саны жер асты суларының 87 кен орнын құрайды, оның ішінде - 3 кеніш суларының кен орны және 2 минералды су кен орны. Барланған жер асты су қорының құрылымында шаруашылық ауыз су 87 пайыз құрайды, 87 кен орнының 54-і пайдалануда. Қостанай облысы бойынша бекітілген пайдалану қоры 1209,75 м³/тәул құрайды.

1.2 Қостанай қаласы табиғи су тазарту ғимараттарының қазіргі жағдайы

1.2.1 Құрылыс ауданы туралы жалпы мәліметтер

Қостанай қаласында сумен жабдықтаудың біріккен жүйесі бар – шаруашылық-ауыз су, өртке қарсы және өндірістік.

Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көзі ретінде Тобыл өзенінің жер үсті суы, атап айтқанда көлемі 6,75 млн.м³ болатын Амангелді су қоймасы пайдаланылады. Ол қаланың оңтүстік-батысына қарай 5 км өзен ағысы

бойымен жоғары орналасқан. Сорап станциясы су торабының жобалық өнімділігі 149,9 мың. м³/тәу, нақты өнімділігі – 57,3 мың. м³/тәу.

Екінші су көзі – Қостанай жерасты артезиан сулары кен орны. Су ғимараты 36 ұңғымадан тұрады, оның 22-сі жұмысшы. Оның сорап станциясының жобалық өнімділігі – 35 мың. м³/тәу.

12.04.2018 ж. жер үсті суының лайлылық көрсеткішінің 75 мг/л-ге дейін жоғарлауына байланысты, қосымша Қостанай жер асты су қорын пайдалану шешімі қабылданды. Жерасты суының құрамындағы марганец, темір және күкіртсутегінің шамадан тыс мөлшері байқалады. Зерттеу органолептикалық көрсеткіштерге – темір мен марганецтің мөлшеріне байланысты жүргізілді. Нәтижесінде нөмірі 9, 15, 29 ұңғымаларда 3 баллдық иіс, лайлылық бойынша көрсеткіштер нөмірі 35, 34, 32, 31, 30, 28, 27, 26, 25, 8, 7, 4, 2 ұңғымаларында шектен тыс мөлшер көрсетті. Темірдің жоғарлауы № 35, 34, 32, 31, 30, 27, 26, 23, 20, 16, 13, 12, 11, 10, 4, 5, 3, 2, 1 ұңғымаларында, марганецтің жоғарлауы нөмірі 33, 35 басқа барлық ұңғымаларда кездесті.

Сонымен қалаға берілетін орташа су көлемі - 44000 м³/тәу, оның 60 пайызы жерасты су кен орнынан, 40 пайызы Амангелді су қоймасынан алынатын су көлемі құрайды.

24.04.2018-27.04.2018ж.ж. кездегі тазарту ғимараттарының зертханасы мәліметтері бойынша Амангелді су қоймасының және жерасты суының қосылғандағы көрсеткіштері келесі 1.2.1.1 кестеде сипатталады.

1.2.1.1 Кесте – Су сапасының көрсеткіштері [1]

№	Көрсеткіштер, мг/дм ³	Су түйіні	II-көтеру сорабы	СП№209 16.03.2015ж
1	Температура, град.	3	2,9	3
2	Түстілігі, балл	35	15	20(35)
3	Иісі 20/60 С,балл	1/2	1/2	2
4	Дәмі		2	2
5	Лайлығы	10,31	0,43	1,5(2)
6	Қышқылдығы	5,19	2,14	5
7	Аммоний тұзы	0,12	0,06	2
8	Нитриттар	0,03	0,003	3
9	Нитраттар	2,91	2,2	45
10	Ph	8	7,26	6-9
11	Хлор қалдығы		0,74	0,3-0,5(1)
12	Алюминий қалдығы		0,036	0,5
13	Қаттылығы,гр.экв/дм	5,4	5,3	7(10)
14	Сілтілігі, гр.экв/дм ³	2,3	1,9	
15	Хлоридтер	120	115	350
16	Темір		3,1	0,3(1)
17	Марганец	0,14	2,9	0,1(0,5)

1.2.1.2 кестеде шаруашылық-ауыз судың тұрғын үй құрылысы бойынша, Қостанай қаласының өнеркәсіп кәсіпорындары және қалалық үлгідегі Затобол

кенті бойынша 1981 (жоғарғы жол) және 2018 жылғы (төменгі жол) есептік шығындары ұсынылды. Кестеден көрініп тұрғандай, Қостанай қаласы мен оның агломерациясы суқұбыр тазарту ғимаратының өнімділігін тәулігіне 100830 м³ дейін ұлғайтуды қажет етеді.

1.2.1.2 Кесте – Шаруашылық-ауыз судың есептік шығындары [2]

Тұрғын үй құрылысы аудандарының абаттандыру дәрежесі	Тұрғын-дар саны, мың. адам	Су тұтыну нормасы 1 адамға, м ³ /тәул	Орташа тәулік шығыны, м ³ /тәул	К _ф тәуліктік тұрақсыздық	К _ф сағаттық тұрақсыздық	Максималды тәуліктік шығын, м ³ /тәул	Максималды сағаттық шығын, м ³ /сағ	Секундтық шығын, л/с
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Ішкі суқұбыры және канализациясы, орталықтандырылған ыстық сумен қамтылған ваннасы бар ғимарат	$\frac{141}{325}$	$\frac{250}{250}$	$\frac{35250}{81250}$	$\frac{1,2}{1,2}$	$\frac{1,51}{1,313}$	$\frac{42300}{97500}$	$\frac{2217}{4445}$	$\frac{615}{1234}$
Ішкі суқұбыры және канализациясы, газды жылытқышты ваннасы бар ғимарат	$\frac{21}{15}$	$\frac{160}{160}$	$\frac{3360}{2400}$	$\frac{1,2}{1,2}$	$\frac{1,51}{1,313}$	$\frac{4032}{2880}$	$\frac{211}{131}$	$\frac{58}{36}$
Ішкі суқұбыры және канализациясы бар ваннасыз ғимарат	$\frac{4}{3}$	$\frac{125}{125}$	$\frac{500}{375}$	$\frac{1,2}{1,2}$	$\frac{1,51}{1,313}$	$\frac{600}{450}$	$\frac{31}{20}$	$\frac{8,6}{5,5}$
Барлығы:	$\frac{166}{343}$		$\frac{39110}{84025}$			$\frac{46932}{100830}$	$\frac{2459}{4596}$	$\frac{681,6}{1275,5}$

1.2.2 Жобалау міндеттері

1. Тазарту құрылыстарының өнімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу. Қайта құру кезінде құрылыстың өнімділігін арттыруға әр түрлі жолмен қол жеткізуге болады. Ең көп таралған әдістер жұқа қабатты модульді тұндырғыштар орнату.

2. Көлденең тұндырғыштардан Тобыл өзеніне техногенді жүкті тастауды төмедету мақсатында шыққан тұнбаны өңдеу үшін контактілі резервуар және резервуарға тасымалдайтын сорап таңдау. Тұнбаны сусыздандыру үшін прес-сүзгі қабылдау. Ары қарай сол тұнбаны қажетті жұмыстарға қолдану.

3. Марганец, темірден тазарту үшін сүзгінің жүктемесін өзгерту, сорбциялық сүзгі есебін жүргізу.

4. Тазарту құрылыстарының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, әрбір құрылыс элементтерінің пайдалану сенімділігін арттыру, қайта құру кезінде жобалық нұсқауларды орындау.

1.3 Қостанай қаласы табиғи су тазарту ғимараттарын қайта құру ғимараттары.

1.3.1 Көлденең тұндырғыштарды қайта құру

Жұмыс істеп тұрған әртүрлі типтегі сепараторлардың өнімділігін арттыру мақсатында оларды қайта құру кезінде жұқа қабатты тұндыру принципін қолдану ұтымды. Жаңа құрылыс пен тұндырғыштарды қайта құру үшін жұқа қабатты блоктарды пайдалана отырып әзірленген схеманың техникалық-экономикалық бағасы оларды салада пайдаланудың сөзсіз экономикалық орындылығын дәлелдеді.

Жұқа қабатты тұндырғыштың жұмыс режимі Рейнольдс саны Re кем $Re_{кр}$ -дан, тең болу керек 500-ге және Фруд саны Fr үлкен 10^{-5} кезінде оңтайлы. Оның технологиялық есебі жұқа қабатты элементтердің параметрлерін және тұндырғыштың өз өлшемдерін анықтау барысында жасалады.

Су құбырлары тұндырғыштары үшін барлық жағдайларда шөгіндіні сенімді алып тастау элементтердің көлбеу бұрышы 50° кезінде қамтамасыз етіледі. 45° - ден кем шөгіндінің өздігінен шығуы қамтамасыз етілмейді (полиэтиленнен басқа).

1.3.1.1 Кесте – Жұқа қабатты элементтер қалыңдығы [3]

Материал	Қалыңдығы, мм	Сөрелердің салмағы, т/м ³
Алюминий	1	0,054
Шыны	4	0,156
Асбестцемент плиталары	6	0284

1.3.1.1 кестенің жалғасы

Материал	Қалыңдығы, мм	Сөрелердің салмағы, т/м ³
Фанера бакелитті	10	0,140
инипласт	4	0,112
Үлдір полиэтилен	1	0,02
Стеклопластик	4	-

Есептік параметрлерге тұндыру ауданы, еңістік бұрышы және пластиналардың ұзындығы кіреді.

Пластиналар арасындағы қашықтық, олардың ені, сұйықтық ағысының номиналды режимі, жүзіндінің оңтайлы шоғырлануы есептелмейді. Жеке блоктардың жоспарындағы өлшемдерді оларды монтаждау мен пайдалануға ыңғайлы болу үшін құрылыстың нақты мөлшерін ескере отырып, 1х1 ... 1,5х1,5 м шегінде қабылдау керек. Жұқа қабатты элементтің қимасының биіктігін 0,03...0,05 м шегінде қабылдау ұсынылады. Элементтердің еңістік бұрышын 50 ... 60° шегінде қабылдау қажет (лайланған сулар үшін аз мәндер, үлкен мәндер үшін азут түсті сулар).

Есеп В.М.Корабельниковтың әдістемесіне сәйкес жүргізілді. Құрылыстың технологиялық және конструктивтік параметрлерін, сондай-ақ жекелеген жұқа қабатты элементтерді есептеу мынадай тәуелділіктер бойынша жүргізіледі:

1) Жалпыланған коэффициенттердің мәні K_1 , K_2 :

$$K_1 = \frac{1}{K_{\kappa\kappa} K_{\kappa n} K_{\kappa}} = \frac{1}{0.8 \cdot 0.6 \cdot 0.58} = 2,45, \quad (1)$$

мұндағы $K_{\kappa\kappa} = 0,8$ (лайланған сулар үшін);

$K_{\kappa n} = 0,6$;

$K_{\kappa} = 0,85$;

$$K_2 = \frac{\varphi K_{\phi} K_{\kappa\kappa}}{\sin_{\alpha} \cos_{\alpha}} = \frac{1,25 \cdot 1 \cdot 0,8}{\sin 50 \cos 50} = \frac{1}{0,49} = 2,03, \quad (2)$$

мұндағы $\varphi = 1,25$ (1.3.1.1 кесте бойынша $b_0/H_0 = 0,5$ м/0,25 м);

$K_{\phi} = 1$ (тікбұрышты қима);

$\alpha = 50^\circ$.

Құрылыстың үлестік жүктемесі V_H , м³/(м²·сағ) немесе м/сағ:

$$V_H = \frac{Q}{F} = \frac{229}{174,72} = 1,31. \quad (3)$$

Тұндырғыш өнімділігі, м³/сағ:

$$Q = \frac{44000}{5} = 5500 = 229. \quad (4)$$

Тұндырғыш су айнасының ауданы, м²:

$$F = L \cdot b = 174,72. \quad (5)$$

мұндағы b – жобадағы тұндырғыш ені, 4,2 м;

L – тұндырғыш ұзындығы, 41,6 м.

2) Жұқа қабатты элементтің ұзындығы, l_0 , м:

$$l_0 = K_2 H_0 \left(\frac{V_H K_1}{u_0 \beta K_{a2}} - 1 \right) = 2,03 \cdot 0,25 \left(\frac{1,31 \cdot 2,45}{1,8 \cdot 1,25} - 1 \right) = 0,72. \quad (6)$$

мұндағы l_0 – жұқа қабатты элементтің ұзындығы, м;

H_0 – жұқа қабатты элементтің биіктігі, м;

V_H – су айнасының ауданына есептегенде құрылыстың үлестік жүктемесі немесе өнімділігі, м³/(м²·сағ) немесе м/сағ;

u_0 – жүзінді шөгудің есептік жылдамдығы, м/сағ;

β – жұқа қабатты элементтердің астында жүзіндінің толысқан шөгуін ескеретін коэффициент;

K_{a2} – жұқа қабатты элементтерден бөлінетін тұнбаның қатпарлы түзудің қарқындылығына әсерін ескеретін агломерация коэффициенті. β -нің мәнін 1,15 – 1,3 тең қабылдау қажет;

$K_{\kappa, \kappa}$ – жұқа қабатты ағынның қимасының қысылуын ескеретін коэффициент. Мәні орта есеппен 0,7 – 0,8 (үлкен мәндер – лайланған сулар үшін, кіші мәндер – аз түсті сулар үшін) қабылдау ұсынылады;

$K_{\kappa, n}$ – жұқа қабатты құрылыстың гидравликалық жетілдірілуін және оны көлемді пайдалану дәрежесін ескеретін коэффициент – нақты уақыттың судың есептік келу уақытына қатынасы. Алдын ала есептеулер үшін шаманы 0,6 – 0,75 тең қабылдау керек;

K_{κ} – тұндырғыш құрылыстың су айнасының жалпы ауданына жұқа қабатты элементтердің су қозғалысы үшін нақты ашық ауданының қатынасына тең конструктивтік коэффициент. Коэффициенттің мәнін жұқа қабатты элементтер үшін материалдың қалыңдығын ескере отырып, нақты деректер бойынша айқындаған жөн. Алдын ала оны 0,70 – 0,95 тең (жұқа пленкалы материалдар үшін – үлкен мәндер) қабылдау ұсынылады;

φ – жұқа қабатты элементтерде ағынның гидродинамикалық жағдайларының әсерін ескеретін коэффициент. Коэффициентті 1.3.1.1 кесте деректері бойынша анықтаған жөн. Онда b_0 – жұқа қабатты элементтің ені, H_0 – жұқа қабатты элементтің биіктігі;

K_{ϕ} – жұқа қабатты элементтердің қимасының нысанын ескеретін коэффициент. Нысанның K_{ϕ} коэффициентінің мәні қимадағы жұқа қабатты элементтердің (ұяшықтардың) нақты нысаны мен конфигурациясына

байланысты: тік бұрышты пішінді қима үшін – 1; дөңгелек – 0,785; үшбұрышты – 0,5; алты бұрышты – 0,65 – 0,75; құбырларды және құбыраралық кеңістікті пайдалану кезінде – 0,5;

α – жұқа қабатты элементтердің горизонтқа көлбеу бұрышы, град;

v_0 – жұқа қабатты элементтердегі ағынның орташа жылдамдығы, м/с.

1.3.1.2 Кесте – Ағынның гидродинамикалық жағдайларының әсерін ескеретін коэффициент

Жұқа қабатты элементтің сипаттамасы	b_0/H_0 мәні			
	1,0-2,5	2,5-5,0	5,0-10	10
φ мәні	1,25	1,15	1,05	1,0

Модулдердың жалпы ұзындығы тұндырғыш ұзындығының 3-тен 2-сіне тең. Демек,

$$L = \frac{2}{3} L_{\text{тұн}} = 0,67 \cdot 41,6 = 27,87. \quad (7)$$

Модул ені жоспарда, м:

$$4,2 - 0,35 \cdot 2 = 3,5 \text{ м}, \quad (8)$$

мұндағы 4,2 – тұндырғыштың ені;

0,35 – тұндырғыштың қабырғадан монтаждау саңылау.

Есептеу қорытындылары бойынша жоспарда модулдің өлшемі $25 \times 3,5$ м болады. Монтаждау ыңғайлы болу үшін модуль жарналарының жалпы ұзындығын тең 5 бөлшекке бөлеміз, осылайша, 5 модулдің өлшемі $5 \times 3,5$ м.

Блоктағы ұяшықтар санын есептеу.

Модуль ауданы F , м²:

$$F = 5 \cdot 3,5 = 17,5. \quad (9)$$

Бір ұяшықтың ауданы f , м²:

$$f = 0,5 \text{ м} \times 0,25 \text{ м} = 0,125. \quad (10)$$

Ұяшықтар саны:

$$n = \frac{17,5}{0,125} = 140. \quad (11)$$

Болаттың бір табағының өлшемі $1,3 \times 3,5 \times 0,001$ м. Осы табақтың көлемі $0,00455 \text{ м}^3$ құрайды. Бір модуль 21 элемент, модуль саны – 5 дана [10]. Жұқа кабатты модульдің негізгі көрсеткіштері есептелді. Ол тұну көрсеткішін 80 пайызға жақсартып, тазарту ғимаратының өнімділігін арттырады [4].

1.3.2 Көлденең тұндырғыштағы тұнбаларды сақтауға арналған резервуарды таңдау. Тұнбаны өңдеу үшін пресс сүзгіні есептеу

Тұндырғыштан шөгінділердің жыл мезгіліне байланысты әртүрлі көлемі болады. Жазда тұнбаның ең үлкен көлемі байқалады. Тәулік сайын өзенге $508,452 \text{ м}^3$ тұнба төгіледі. Екі резервуарды 300 м^3 көлемімен қабылдаймыз.

Резервуарларға түсетін тұнба көлеміне қарай, сүзгі-пресс таңдап алынады. Сүзгіштің сағаттық өнімділігі $25 \text{ м}^3/\text{сағ}$ кем болмауы тиіс, мұнда 600 м^3 – резервуарға түсетін тұнбаның тәуліктік көлемі; 24 сағ – сүзгі-прессердің жұмыс уақыты.

Егер P қысым – $3,4 \cdot 10^4 \text{ Па}$, γ тұнбаның меншікті кедергісі – $0,8 \cdot 10^{12} \text{ м /кг}$, ρ_c сүзілетін су суспензиясының тығыздығы – 1040 кг/м^3 , ρ_t құрғақ тұнбаның тығыздығы – 2400 кг/м^3 , μ сүзілетін су тұтқырлығының динамикалық коэффициенті – $1,1 \cdot 10^{-3} \text{ Па} \cdot \text{с}$, c_1 сулы суспензиядағы құрғақ заттың концентрациясы – $0,2 \text{ кг/кг}$ және c_2 тұнбадағы концентрациясы – $0,8 \text{ кг/кг}$, n бір мезгілде жуылатын тұнба кабаттарының саны – 2, β_6 шаю сұйықтығындағы еритін заттың бастапқы концентрациясы – 6 пайыз және β_c соңғы концентрациясы – 0,2 пайыз, k шаю константы – 3, R сүзгілеуші қалқаның кедергісі – $1,055 \cdot 10^{10} \text{ м}^{-1}$, t қосымша уақыт – 0,5 сағ, W тұнбаның ылғалдылығы – 70 пайыз.

Тұнбаның қатты фаза саны, кг/м^3 :

$$m = \frac{\rho_c}{\frac{c_1}{c_2}} = \frac{1040}{\frac{1}{0,2} \cdot \frac{1}{0,8}} = 166. \quad (12)$$

1 м^3 фильтрат үшін сулы тұнба көлемі, кг/м^3 :

$$V_1 = \frac{m}{\rho_m \cdot c_2} = \frac{166}{2400 \cdot 0,8} = 0,0. \quad (13)$$

Сүзу константалары, $b_1, b_2, \text{сағ/м}^2$:

$$b_1 = \frac{\mu r m}{2 p 3600} = \frac{1,1 \cdot 10^{-3} \cdot 0,8 \cdot 10^{12} \cdot 166}{2 \cdot 3,4 \cdot 10^4 \cdot 3600} = 579. \quad (14)$$

Эмперикалық коэффициент:

$$A = \frac{k}{\ln(\frac{\beta_0}{\beta_c})} = \frac{3}{\ln(\frac{6}{0,2})} = 0,88, \quad (15)$$

$$b_2 = \frac{\mu \cdot r \cdot m \cdot V_1 \cdot n^2}{A \cdot p \cdot 3600} = \frac{1,1 \cdot 10^{-3} \cdot 0,8 \cdot 10^{12} \cdot 166 \cdot 0,09 \cdot 2^2}{0,88 \cdot 3,4 \cdot 10^4 \cdot 3600} = 488. \quad (16)$$

Жуу константалары, k_1, k_2 , сағ/м²:

$$k_1 = b_1 + b_2 = 579 + 488 = 1067, \quad (17)$$

$$k_2 = 2b_1 + b_2 = 2(579 + 488) = 2134. \quad (18)$$

Сүзгіш қалқаның кедергісіне сәйкес келетін сүзгіштің шартты көлемі, кг/м³:

$$V_0 = \frac{R}{r \cdot m} = \frac{1,055 \cdot 10^{10}}{0,8 \cdot 10^{12} \cdot 166} = 0,01 \cdot 10^{-2}. \quad (19)$$

Пресс-сүзгінің максималды өнімділігі, м³/сағ:

$$Q_{max} = \frac{F}{2\sqrt{k_1 t k_2 V_0}} = \frac{1190}{2\sqrt{1067 \cdot 0,5 \cdot 2134 \cdot 0,01 \cdot 10^{-2}}} = 55. \quad (20)$$

Пресс-сүзгінің қажетті саны:

$$n = \frac{Q}{Q_{max}} = \frac{25}{55} = 0,5 = 1. \quad (21)$$

Сүзгі жұмыс циклының минималды ұзақтығы, сағ:

$$t_{ymin} = 2t + k_2 \cdot V_0 \cdot \sqrt{\frac{t_y}{k_1}} = 2 \cdot 0,5 + 2134 \cdot 0,01 \cdot 10^{-2} \cdot \sqrt{\frac{0,5}{1067}} = 1,004. \quad (22)$$

Сүзілу кезіндегі фильтраттың минималды меншікті көлемі, кг/м³:

$$V_{min} = \sqrt{\frac{t}{k_1}} = \sqrt{\frac{0,5}{1067}} = 0,02. \quad (23)$$

Сүзілу ұзақтығы, сағ:

$$T_c = t \frac{b_1}{k_1} = 0,5 \frac{579}{1067} = 0,27. \quad (24)$$

Жуу ұзақтығы, сағ:

$$T_{жс} = t \frac{b_2}{k_1} = 0,5 \frac{488}{1067} = 0,23. \quad (25)$$

Сүзгідегі тұнбаның қалыңдығы, м:

$$\delta = 2V_1 \cdot V_{min} = 2 \cdot 0,09 \cdot 0,02 = 3,6 \cdot 10^{-3}. \quad (26)$$

Белгілі өнімділік бойынша сүзу ауданы, м²:

$$Q = k \frac{F \cdot \delta \cdot p^{\frac{100-W}{100}}}{t_u}, \quad (27)$$

Онда

